«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

060011, Атырау қаласы, Б.Құлманов көшесі 148-а үй
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

060011, город Атырау, улица Б.Кулманова, 148-а
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

08-К-928/838
01.09.2021

«Жас интеллектуал»
Жастар ұйымы» ҚБ-не

Атырау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі – Департамент)* Сіздің 2021 жылғы 13 тамыздағы №117904 *(13.08.2021ж №ЗТ-К-928 санмен тіркелген)* «Атырау облысы Жастар саясаты мәселелері басқармасы» мемлекеттік мекемесімен *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* өткізілген №6128476-1 «ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесіне орай «Тәуелсіздік - бабалар аманаты» жобасын жүзеге асыру бойынша қызметтер» әлеуметтік тапсырыспен сатып алуына қатысты жазылған шағымыңыз бойынша төмендегіні хабарлайды:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген" Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Ереженің *(бұдан әрі - Қағида)* 227 тармағында *«ұйымдастырушы конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап үш жұмыс күннен кешіктірмей, бірақ әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерін ұсынудың соңғы күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін веб-порталда орналастырады»* деп аталған.

Осы ретте, Ұйымдастырушымен мемлекеттік сатып алу веб порталында орналастырылған техникалық ерекшелікке сәйкес сатып алудың мәні - *«ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесіне орай «Тәуелсіздік-бабалар аманаты» жобасын жүзеге асыру бойынша қызметтерді ұйымдастыруды»* болып табылады.

Бұдан әрі, Қағиданың 233 тармағында *«Ұйымдастырушы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын техникалық ерекшелікті бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді: 1) әлеуетті өнім берушімен ұсынылған жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіндегі талаптарына сәйкестігі; 2) әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының Тапсырыс беруші сатып алатын көрсетілетін қызметтерге сәйкестігі (құрылтай құжаттарына сәйкес); 3) егжей-тегжейлі Іс-шаралар жоспарының Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізуге сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізілетін орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың*

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)); 4) әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтері; 5) әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы; 6) жоба белгілі бір аумақта (астана, республикалық маңызы бар қала, облыс, аудан, қала) іске асырылған жағдайда - үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі; 7) әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың тәжірибесі мен біліктілігі; 8) жобаны іске асыру тиімді қорытындысын бағалау индикаторларының бар болуы.

Осы тармақтың 1) - 8) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллды есептеу конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес есептеледі» делінген.

Жоғарыда аталған мемлекеттік сатып алу заңнамалары негізінде және әлеуметті өнім берушілермен ұсынылған құжаттарды зерделеумен, «Жас интеллектуал» Жастар ұйымы» ҚБ-нің конкурстық өтініміне конкурстық коммисиямен берілген өлшемшарттар бойынша бұзушылықтар анықталған жоқ.

«Инфо орталығы» ҚБ-нің конкурстық өтініміне төменде көрсетілген өлшемшарттары бойынша келесідей балдар есептеуге жатады:

- *әлеуетті өнім берушімен ұсынылған жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіндегі талаптарына сәйкестігі – 1 бал.*
- *егжей-тегжейлі Іс-шаралар жоспарының Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізуге сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізілетін орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)); - 3 бал.*
- *әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың тәжірибесі мен біліктілігі – 2 бал.*

Осы ретте, конкурстық комиссия тарапынан Қағиданың 233 тармағының талаптары сақталмай, «Инфо орталығы» ҚБ-нің конкурстық өтініміне Қағиданың 233 тармағында көзделген өлшемшарты бойынша балдар бұзушылықпен қолданылғандығы анықталды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, тапсырыс берушіге анықталған бұзушылықтарды жою және мемлекеттік сатып алу заңнамаларына сәйкестендіру үшін тиісті шаралар қабылдау үшін хабарлама жолданылды.

Осы жауапқа қанағаттанбаған жағдайда, Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің 91 бабының 1 тармағына *«әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен әкімшілік актіні қабылдауға байланысты емес әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасауға құқылы»* сәйкес, жоғары тұрған органдарға шағымдану құқығыңыздың бар екендігін хабарлаймыз.

Сондай-ақ, Заңның 47 бабының 9 тармағына сәйкес дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Департамент басшысының орынбасары **Ж.Букаев**

Орын:А.Садыкова
Тел:87122 319038